

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 4 «В» сынып оқушыларымен  
2023-2024 оқу жылының жүргізілген тәрбие жұмысына талдау

Тәрбие - дидактикалық жүйе. Жеке тұлғаның қалыптасуы - үздіксіз және күрделі процесс. Ата-бабамыз ұлды өздеріндей еңбексүйгіш, жауынгер, бесаспап етіп тәрбиелеуді мақсат етсе, қыз баланы ибалық сақтауға баулып, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәрбие берген. Осы орайда жаңа оқу жылының басында балалардың жас ерекшелігі ескеріле отырып, тәрбие жұмысының жоспары жасалып бекітілді. Тәрбие сағаттары жоспар бойынша жүргізілді. Қыркүйек айы Білім күні «Мектеп- мейірім мекені» атты тәрбие сағатымен басталды.

«Тіл- ұлттың жаны», «Салауатты өмір- жарқын болашақ», «Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына», «Буллинг және оған қарсы тұру», «Республика күні», «Әкеге- ізет, анаға - құрмет», «Теңге- тәуелсіздік кепілі», «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік», «Қауіпсіз интернет», «Мақал- сөздің азығы, жұмбақ-ойдың азығы», «Адамгершілік - құнды қасиет», «Бәрі де, Ана, бір өзінен басталады», «Наурыз - жыл басы», «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы», «Ұмыт болған ұлттық тағамдар», «Сөз қадірі- өз қадірін», «1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні» Адамдық борыш - ар үшін» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

Жолда жүру ережелерімен таныстыру мақсатында полиция қызметкері түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Өткізілген сабақтарда жолда жүру белгілері туралы сұрақтар, мақал-мәтелдер, ойындар ойнатылып, денсаулықтың ең қажетті байлық екені түсіндірілді.


Оқушыларды жауапкершілікті сезініп, жолда жүру ережелерін сақтауға тәрбиелеп, дұрыс түсінік қалыптастырды.

Отбасы құндылығы, отбасындағы дәстүрлер туралы ата аналарымен видеороликтер түсірді Мерекелерге байланысты ұйымдастырылған мектепшілік шараларға, сурет көрмелеріне, пәндік сайыстарға белсене қатысып, марапаттарға ие болды. Сонымен қатар қашықтықтан облыстық, республикалық байқауларға да қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Тоқсанына бір рет ата-аналар жиналысы өткізілді. Балаларымен бірге тренингтер өткізілді, қызықты тапсырмалар орындады. Бала тәрбиесі туралы таныстырылымдар жасалып, ата - ана пікірі тыңдалды. Оқушылардың білімі, тоқсандық жылдық қорытынды бағалары туралы айтылды. Және де жазғы мектепке және мектепшілік лагерге қатыстырылу, жазғы каникул кезіндегі балалардың қауіпсіздігі туралы ескертілді.

Ата-аналармен үнемі байланыс жасалып отырылады. Оқушылар өздеріне қойылған талаптарды үнемі орындап отырды.

Сынып жетекшісі:

 - А.А.Конакбергенова